

Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының қала көлігіне арналған қарыз қаражатын қайта бөлу шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Алматы қаласына бөлген кредитін қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 83 қаулысы

Қала көлігін дамыту мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің қарыз қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қайта жаңарту және даму халықаралық банкінің қала көлігіне берілген займын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 тамыздағы N 1062 қаулысына сәйкес, Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің "Қала көлігін дамыту" жобасын қаржыландыруға қарыз қаражатын қайта бөлу шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Алматы қаласына бөлген кредитін 2004 жылдан бастап 2011 жылды қоса алғанда, қайтару мерзімімен қайта құрылымдау мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Алматы қаласының әкімдігі "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген сыйақы ставкасын қолдана отырып, Қазақстан Республикасы мен Алматы қаласы арасындағы 2004-2011 жылдар ішінде келісілген кесте бойынша республикалық бюджетке 22725298 (жиырма екі миллион жеті жүз жиырма бес мың екі жүз тоқсан сегіз) АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы кейіннен өтеу туралы 1997 жылғы 12 желтоқсандағы нөмірсіз кредиттік келісімге қосымша келісім жасасын.

3. Алматы қаласының әкімі Алматы қаласының 2004-2011 жылдарға арналған бюджетінің жобаларын қалыптастыру кезінде осы қаулының 2-тармағында көрсетілген берешек сомасын өтеуге арналған қаражатты көздесін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

